

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Туберкулез ауруына шалдығуы ықтимал
мектеп жасына дейінгі балаларға арналған
«Шағала» бала бақшасы КММ

**2024-2025 оқу жылына арналған
«Ата-аналарға арналған кеңес беру
пунктінің» жұмыс жоспары**



Ә.А.Ақбет

**«Туберкулез аурына шалдығуы ықтимал «Шағала» балабақшасы»
консультациялық пунктiнiң 2024-2025 оқу жылына арналған кестесі**

№	Апта күндері	Жұмыс уақыты	Жұмыс түрі	Жауапты
1	Айдың бірінші сәрсенбісі	15.00-16.00	Ата-аналарға (занды өкілдерге) арналған кеңестер - жеке, кіші топтық	меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, медицина қызметкері, тәрбиешілер музыка жетекшісі
2	Айдың екінші сәрсенбісі	15.00-16.00	Ата-аналардың өтініштері бойынша жұмыс	меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері
3	Айдың бірінші сәрсенбісі	15.00-16.00	Кеңес беру, (жеке, кіші топ)	меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, медицина қызметкері, тәрбиешілер музыка жетекшісі
4	Айдың бірінші сәрсенбісі	15.00-16.00	Ата-аналардың өтініштері бойынша жұмыс	меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері, қазақ тілі мұғалімі



Бекітемін:
Басшы

 Ә.А.Ақбет

Консультациялық пункттің 2024 — 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Консультация тақырыбы	Өткізу нысаны	Өткізу уақыты	Өткізетін мамандар
"Баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету"	Консультация	Қыркүйек	Әдіскер
"Балалардың жас ерекшеліктері " - Барлық жастағы"	Консультация	Қыркүйек	Педагог-психолог
"Үйде музыкалық есту қабілетін қалай дамытуға болады"	Консультация	Қазан	Музыка жетекшісі
"Балаларға қажет ойыншықтар"	консультация	Қазан	Әдіскер
"Отбасында салауатты өмір салты дағдыларын тәрбиелеу"	Консультация	Қараша	Тәрбиеші
Суық тиюдің алдын алу	Консультация	Қараша	Медбике
"Балабақшада кім кім"	Ақпарат	Желтоқсан	Әдіскер
« Отбасы жағдайында гиперактивті балаларды сүйемелдеу"	Жеке консультация	Желтоқсан	Педагог-психолог
"Үйде мерекені қалай ұйымдастыруға болады"	Консультация	Қаңтар	Музыка жетекшісі
"Үнсіз қалай сөйлесуге болады"	Консультация	Қаңтар	Педагог-психолог

"Мектеп жасына дейінгі балаларды қатайту"	Консультация	Ақпан	Тәрбиеші
"Профилактикалық егулер"	Жадынамалар	Ақпан	Медбике
"Ұйқы, ұйқы режимі, баланы төсекке жатқызу"	Консультция	Наурыз	Педагог-психолог
"Әрқашан ойна, барлық жерде ойна"	Консультация	Сәуір	Әдіскер
"Біз үйде ойнаймыз. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту"	Ұсыныс	Мамыр	Тәрбиеші
"Тамақтан уланудың алдын алу"	Ұсыныс	Мамыр	Медбике

Туберкулез ауруына шалдығуы ықтимал мектеп жасына дейінгі «Шағала» балабақшасы

Консультациялық пункт балабақша мен отбасы арасындағы өзара әрекеттің дәстүрлі түрлерінің бірі тәрбиешілердің ата-аналарға (занды өкілдерге) жеке және топтық консультация беру қызметін іске асырады. Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәжірибесінде тәрбиешілер ата-аналардың сұранысы негізінде немесе балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып консультация бере алады. Сонымен қатар балабақшаның басқа мамандары (әдіскер, психолог, логопед, дефектолог және т.б.) ата-аналарға (занды өкілдерге) қандай да бір мәселе бойынша кеңес береді. Консультациялық пункттер мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істейтін педагогтермен, психологтармен және басқа мамандармен үнемі сөйлесуге мүмкіндігі жоқ ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек беру, сондай-ақ балалардың үйлесімді дамуын қолдауға арналған.

Ата-аналарға (занды өкілдерге) арналған консультациялық пункттің жұмысы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын іске асыруға, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған. Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету. Негізгі міндеттері: -мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты даму мәселелері бойынша ата-аналарға (занды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету; - ата-аналарға (занды өкілдерге) бір жастан бастап мектепке даярлық тобына қабылданғанға дейін балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету; - ата-аналарға (занды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектеп жасына балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау; - мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу; - мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрби отырған ата-аналарға (занды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету; - тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасына тығыз ынтымақтастық орнату болып табылады.

Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық орнату, ата-аналардың сұраныстарын толық қанағаттандыру мақсатында Туберкулез ауруына шалдығуы ықтимал мектеп жасына дейінгі «Шағала» балабақшасы қыркүйек айынан балабақшаға бармайтын балалар және олардың ата-аналарына тегін кеңес беретін ата-аналарға арналған ақыл кеңес беру пунктін жұмысын бастады.

Ата-аналарға арналған консультациялық пунктті ұйымдастырудың формалары: жеке және топтық түрде жүргізіліп, педагогикалық, медициналық -сауықтыру, психологиялық бағыттырын қамтиды.

Егер сіздің балаңыз балабақшаға келмесе, Сізде баланы тәрбиелеу мен дамытуға байланысты сұрақтар туындаса, сіз біздің кеңес беру пунктімізге жүгініп, баланы тәрбиелеу мен оқыту, дамыту мен сауықтыру мәселелері бойынша тәжірибелі